

Әдебиеттер

1. Управление деятельностью коммерческого банка (банковский менеджмент) / Под ред. О.И. Лаврушина. – М.: Юрист, 2003. – 688 с.
2. Остапчук К.Л. Методические аспекты анализа банковских рисков.// Бухгалтерский учет, статистика. – 2010.- №8 (69), с.198-201.
3. Банковское дело: учебник /под ред.Г.Г.Коробовой. – М.:Юрист, 2002. – 751с.
4. Севрук В.Т. Банковские риски. – М.: Дело, 1995. – 70с.
5. Стратегия управления банковскими рисками: научное издание //Новиков И.А.,Чумаченко Б.П., Шалгимбаева Г.Н. – Алматы: Каржы-Каражат, 1998. – 128с.
6. Пещанская И.В. Организация деятельности коммерческого банка. – М.: ИНФРА – М, 2001. – 319с.

**Тиштықбаева А.Ж., э.ғ.м., аға оқытушы, Артакшинова В.С.,
э.ғ.м., аға оқытушы (академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНА ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі таңда, стратегиялық аспектіде, инвестиция - елдің дамуындағы барлық жинақ мәселені шешуді анықтаушы және ең алдымен экономиканы жаңғырту, тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізу, ішкі және әлемдік нарықта отандық өндірістің, бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатудың маңызды түйіні болып табылады.

Шетелдік инвестицияларын тарту саясаты 1991 жылдан басталып, бүгінде Қазақстан Республикасы шетел инвестицияларын тарту бойынша алдыңғы қатарда. Инвестицияның құйылуы өндірістің кеңеюіне және сонымен қатар экономиканың әлеуметтік экономикалық дамуының сапалы, жаңа деңгейге шығуын қамтамасыз етеді. Қазір шетел инвестицияларын тартудың басты бағыттарына тіршілікті қамтамасыз ету салалары мен экспорт бағдарындағы өндірістер – мұнай-газ және мұнай – химия салалары, электр энергетикасы, металлургия, коммуникация және де Қазақстан дөңді дақылдар, жүн, мақта т.б. ірі өндіруші болу себепті, агроөнеркәсіп кешені жатады. Еліміздің экономикасының дамуы отандық және шетелдік инвестициялаудың тартылуымен тығыз байланысты болып келеді.

Шетел инвесторларының пікірі бойынша, Қазақстан инвестициялық салымдар жасау үшін тартымды нарық болып табылады. Біздің еліміз пайдалы қазбалар, ауыл-шаруашылығы жерлерінің қорларына және квалификациясы жоғары жұмыс күшіне бай, сондай ақ үлкен потенциалға ие, бірақ оларды тиімді қолдану үшін инвестициялық салымдар жасалуы қажет. Тікелей шетелдік инвестицияларды тарту еліміздің өндірістік тиімділігін арттыруға және жұмыс орындарын құруға қажет.

Шетелдік инвестицияларды тарту жаңа технологияларды ендіруге, сонымен қатар менеджмент пен маркетингтің қазіргі кездегі әдістерін ендіруге, инвестициялық салаға жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті мамандарды үздіксіз оқытуға және де рынок жағдайына байланысты олардың біліктіліктерін көтеруге жағдай жасайды. Нәтижесінде, алынған техникалар мен технологиялар отандық тауар өндірушілердің өндірісін қолдауға және ынталандыруға алып келеді. Сондықтан да, Қазақстан экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту стратегиялық және тактикалық мәселелерді шешуге бағытталған объективтік қажет процесс болып табылады.

Инвестициялар деп - өнеркәсіпке, құрылысқа, ауыл шаруашылығына және өндірістің басқа да салаларындағы шаруашылық субъектісіне мүліктей, заттай сондай-ақ ақша қаражаты түрінде, яғни капитал түрінде салынып ол шаруашылықты әрі қарай өркендетіп дамыту үшін жұмсалынатын шығындардың жиынтығын айтады.

Инвестиция дегеніміз - бүгінгі күні қолда бар ақшаны, мүлікті және басқа да заттарды, яғни капиталды қандай да бір өндірісті дамыту үшін жұмсап, сол арқылы

келешекте, яғни алдағы уақытта пайыз түрінде немесе басқадай үлкен кәсіпкерлік табыс табу болып табылады.

Бұл жоғарыда айтылған процеспен екі фактор байланысты болып келеді. Оның біріншісі – уақыт, ал екіншісі – тәуекелдік. Сонымен қатар инвестиция экономикалық өсудің негізі бола отырып, елдің әлеуметтік дамуына жағдай жасайды. Осы айтылғандармен қатар инвестиция экономикалық дамудың жоғарғы және тұрақты қарқынын қалыптастырудың, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін өсірудің, инфрақұрылымды дамытудың маңызды факторы болып саналады.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 қаңтардағы “Инвестициялар туралы” 373-ІІ заңы да “инвестиция” ұғымына анықтама береді. Дегенмен, бұл заң Қазақстан Республикасы экономикасына шетелдік инвестицияларды тартудың негізгі экономикалық және құқықтық негіздерін анықтайды, шетелдік инвестициялар қауіпсіздігінің мемлекеттік кепілдемелерін, олардың жүзеге асырылуының ұйымдастырушылық формаларын, шетелдік инвесторлармен болатын тартыстардың шешілу тәртібін бекіткен. Бұл заң бойынша, “инвестиция” – табысқа ие болу мақсатындағы кәсіпкерлік әрекет объектісіне салынған мүліктік және интеллектуалдық құндылықтардың барлық түрі.

Тікелей шетел инвестициялары қазіргі уақытта жаһанданып жатқан экономиканың өндірістік негізі – халықаралық өндіріс жүйесін дамыту. Халықаралық инвестициялаудың әлемнің жалпы дамуындағы маңыздылығы оның капиталдардың жинақталған елдерден осы капиталға мұқтаж болып елдерге ағылуы болып табылады. Ал осының нәтижесінде әлемдік қоғамның тұрақты әрі біркелкі дамуы қамтамасыз етіледі.

Әлемде салымдарының көлемі бойынша ең ірі 100 трансұлттық компаниялар өндірісі дамыған елдерде орналасып, олардың шетелдерге инвестиция салымдарының көлемі 1,4 трлн доллардай бағаланып отыр. Осы аталған компаниялар негізінен АҚШ, Жапония, Германия және Оңтүстік Корея елдері жатады. Осы компаниялардың стратегиясы тікелей шетел инвестицияларының өсе түсуін мақсат етеді. Әлемдегі осы алғашқы 100 компанияның үлесі 42% - ды құрайды. Соңғы 10 – 20 жылда шетелдік инвестициялардың басым бөлігі қазіргі жаңа индустриялы елдер аталып кеткен Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне бағытталды. Осындай шетелдік инвестицияларды тиімді пайдалану және оларға қолайлы орта қалыптастыруда шетелдік инвестициялардың алатын орны ерекше бол

Бүгінгі таңда Қазақстан экономикасының дамуы негізінен инвестицияның көп мөлшерде тартылуына тікелей байланысты. Өйткені еліміз өндірісінің жалпы деңгейі мен оның даму болашағының деңгейі қазіргі өндіріс ауқымынан 10 есеге артық болып табылады. Бұл шамаға жету үшін шетелдік инвестицияларды тартумен қатар, отандық инвестицияның да үлесінің артуын басты орынға қойып, ұлттық инвесторлардың инвестициялық саясатын өндірістің өнеркәсіп және өңдеуші саласына тартуына ынталандыруымыз керек.

Қазақстан экономикасына қазіргі келіп жатқан көптеген шетел инвестициялары негізінен әлемдік трансұлттық корпорациялардың біздің экономикамызға салған инвестицияларында көрініс табуда. Еліміздегі ауқымды трансұлтты компаниялардың басым көпшілігі АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Оңтүстік Корея елдері екені белгілі. Осы дамыған елдердің еліміздегі басты және кең көлемде қызмет етіп отырғандарына келесілерді жатқызуға болады: Шеврон, Бритиш Газ, Аджип, Сумимото Корпорейшн, Эльф Акитэн, БМВ, Туркие Петроллери, Оман Ойл компани, Джапан Петролеум Эксплорейшн, т.б. трансұлттық корпорациялар жатады.




Сурет 1. ҚР-на қызметтер нысандары бойынша шетел инвестицияларының 2015 жылғы келіп түсуінің салмақ үлесі

Бірақ қазіргі уақытта шетелдік инвестицияның басым көпшілігі еліміздің шикізаттық қорын игеруге салынып отыр. ҚР-ң Статистика агенттігі көрсеткендей, негізгі капиталды инвестициялау негізінен шикізаттық салаларға тартылуда. Бүгінде шетел инвестицияларының 80% шикізаттық өндіріске салынуда.

Әлемдік экономикадағы Қазақстанның интеграциялық қозғалысы жыл өткен сайын артып келеді. Айталық, ел өнеркәсібінің өркен жаюына бағытталып жатқан шетелдік инвестицияның жалпы көрсеткіші капиталдың 31 пайызын құрап отыр. Еліміздегі негізгі капитал көздерінің ең қомақты инвестициялық жобалары деп мыналарды айтуға болады:

Шетелдік капиталдың құйылуын көбейту үшін біздің елімізде бірінші кезекте жақсы дамыған инфрақұрылым және коммуникация (қатынас) қажет. Сондықтан Республика Үкіметі Қазақстанның дамуына ресми көмек ретінде келіп жатқан шетелдік капиталды қазіргі кезеңде тарту мен тиімді пайдалануға көп көңіл бөліп отыр. Бұның шеңберінде Қазақстан көптеген Халықаралық қаржы ұйымдарымен қаржылық қарым-қатынасты дамытып отыр. Атап айтсақ, МВФ, МБРР, АБР, ЕБРР, ИБР және көмекші елдер, Жапония, АҚШ, Германия, Франция және басқа елдер үкіметтерімен байланыста.



Сурет 2 – Шетелдік ірі инвесторлардың қатысуымен жоспарланып отырған ірі жобалар

Шетелдік инвестицияларды пайдалану қай ел үшін болса да объективті қажеттілік. Ол, ел экономикасының халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіне кеңінен қатыстырып, мұқтаж салаларға капиталдар келтірудің тиімді жолы.

Шетел инвестициясын алып келу және оны тиімді пайдалану Республика экономикасының өндірістік қуатын көтеруге ықпал етеді. Бірақ жалпы қағида бойынша, көптеген елдер мұны үлкен мөлшерде алынған сыртқы қарызды өтеуге бағыттайды.

Егер, біздің мақсатымыз дүниежүзілік шаруашылыққа интеграциялану және ашық экономика принциптерін қолдау болса, онда капиталдарды Қазақстанға келтіру және оны импорттау ауадай қажет процесс. Олай болса біздің іс қимылдарымыздың басты бағыттарының бірі шетелдік инвестицияларды тарту және оларды мүмкіндігінше тиімді пайдалану болуы тиіс.

Шетелдік инвестицияларды Қазақстанға тарту төмендегі мәселерді шешуге көмектеседі:

- Экономикалық және техникалық прогресті жеделдету;
- Өндірістік ақпаратты жаңарту мен қайта жарақтандыру;
- Өндірісті ұйымдастырудың үздіксіз әдістерін үйрену;
- Нарықтың экономиканың талаптарына үздік әдістерін үйрену;

Ең бастысы шетел инвесторлары үшін тартымды жағдайды туғызу тұрақты және болашағы бар шетел инвесторларын табу және олардың капиталын басымды салалар, өндірістер, қызмет түрлеріне бағыттау қажет.

Бұл факторларды 2 топқа бөлуге болады:

1. Жағымды факторлар:

- табиғи ресурстарды қолдануға мүмкіндік беру;
- нарықтың жоғары потенциалдылығы;
- пайданың нақты коэффициенті;
- өз бәсекелестерінен бұрын аймақта орын алу арманы;
- бизнес үшін Қазақстанның стратегиялық орналасуы;
- Қазақстан тұрғындары білімінің жоғарғы деңгейі;

2. Жағымсыз факторлар:

- өндіру қарқынының төмендеуі;
- салықтық заңдар мен кедендік реттеудің жетілдірілмегендігі;
- инфляция;

- шетел инвесторларының Қазақстандағы болып жатқан процестер жайлы толық ақпарат ала алмауы.

Қазақстан экономикасы үшін шетел капитал салымдары, оларға бәсекелік әлемдік экономикаға интегралдануына көмектеседі. Төменде неге шетел инвесторлары Қазақстанға жоғары дәрежеде пайдалы болуының дәлелдері келтіріледі.

1. Жаңа технологияларды беру. Трансұлттық корпорациялар (ТҰК) ірі, дамыған және бәсеке қабілеттілігі жоғары компанияларға жатқызылады. Олар әртүрлі елдерде өздерінің өндірістік қуаттылықтарын орналастыру және өтімділік рыноктарын ұйымдастыруға шейін барлық сатысында ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін қолданады. Қазіргі күнгі экономикада басты өндірушілер барлық әлем бойынша жабдықтаушылар мен рыноктарға кіруді іздейтін глобалды әрекеттегі тұлғалар болып табылады.

2. Жұмыс орындарын құру. Экономика өтпелі жағдайда болған кезде Қазақстанда жартылай (толық емес) жұмыс бостылық немесе жұмыссыздық созылмалы проблема болып табылады. Мемлекеттік секторда жұмыс орындарын құру сияқты шаралардың көмегімен жұмыссыздықпен күресу аз нәтижелі болады. Ал тікелей инвестициялар жұмыс орындарын құрайды. Сонымен қатар жергілікті кадрларды кәсіби дайындау жергілікті экономикаға қолайлы әсерін тигізеді.

3. Экспортты дамыту. Шетел инвестициялар, алушы елдерден ТҰК-ң штаб-квартирасы орналасқан елдің экспорт тұрақты экономикалық өсу үшін өте маңызды және тұрақты валютаны қамтамасыз етеді. Тұрақты валюта импорт тауарларын сатып алуды қаржыландыру мен ішкі инвестицияны қаржыландару, сыртқы қарыздарды төлеу үшін қажет. Шетел инвесторлары Қазақстандағы өзінің экспортының номенклатурасын кеңейтуге көмектеседі. Дәстүрлі емес экспорт өнімі деп аталатын жаңа экспорттық өнімнің сапалы өсімі, шикізат тауарларын дәстүрлі экспорттаған Қазақстан үшін өте

маңызды. Экспорттық өнімнің диверсификациясы шикізат тауарларына бағаның төмендеуінің алдында елдің қорғалмағандығын төмендетеді.

Ғылыми - техникалық үдеріс нәтижелерін белсенді пайдалана отырып, инвесторлар елдің экономикалық тұрғыдан өсуін жылдамдатады. Сонымен бірге экономиканың дамуы мен өсуінің арқасында кәсіпорындар мен экономикалық белсенді халықтың кірістері «бостан бос қозғалыссыз» жатпай, иелеріне және мемлекетке де жұмыс істеп, пайда әкеліп, осылайша елдегі инвестициялық белсенділікті айқындайды.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми сайты: www.stat.gov.kz
2. Национальный инвестиционный интернет-ресурс www.invest.gov.kz
3. ҚР Ұлттық Банкі [Ресми сайты]. URL: <http://www.nationalbank.kz>
4. «Инвестиция туралы» ҚР Заңы 08.01.2003ж.
5. Назарбаев Н.А. Казахстан -2050. Прозцветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана.
6. Национальное агентство по экспорту и инвестициям «KAZNEX INVEST»
7. www.kaznexinvest.kz

**Жақсыбаев Қ.Р. э.ғ.к., доцент - (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)
Абдумаликова Г.А., магистрант (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)**

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мемлекеттік басқарудың тиімділігінің мәселесі қазіргі кездегі ғылым пен тәжірибенің басты назарындағы мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселеге шетел және ресей ғалымдары да өздерінің ғылыми еңбектерін арнағаны белгілі.

Жалпы тиімділік екі жағдайда: біріншіден, қол жеткен нәтиже мен шыққан шығындар арасындағы айырмашылық «оң» сальдоны, яғни адам еңбегінің әкелген пайдасын көрсеткенде, екіншіден, осы айырмашылық қоғамның, адамдардың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті болған кезде көрініс табады. Кез келген қызметтің нәтижесінде рухани және материалдық өнімнің өсуі болмаса, әлеуметтік жағдай жақсармаса, онда ол қызмет түрі тиімді деп саналмайды. Сонымен бірге өнімнің өсуіне қол жеткізілген, бірақ ол адамдардың мұқтаждықтарына, олардың мәселелерін шешуге қолданылмаған жағдайда да тиімділік жоқ есептеледі.

Әртүрлі мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары көптеген объект түрлерін басқарады және олардың әрқайсысының басқару тиімділігі де әрқилы болады. Мысалы, қандай да бір басқарылатын объект белгілі бір өнім өндірген немесе әлеуметтік қызмет көрсеткен кезде туындайтын өндірістік тиімділік. Басқарылатын объектілердің қызметінің нәтижесінде көрініс табатын басқарудың мұндай тиімділігі өндірілген өнім мен оны өндіруге кеткен шығындар арасындағы арақатынасты білдіреді. Ол басқарылатын объект шеңберінде еңбекті ұйымдастырумен байланысты, технологиялық сипатқа ие және нормативтік-құндық-шығын көрсеткіштері бойынша өлшенеді.

Орталықтандырылған жоспарлы экономикада өндірістік тиімділікке қатты көңіл аударылды. Кәсіпорындар (ұйымдар) берілген номенклатуралық-натуралдық көрсеткіштерге міндетті түрде қол жеткізуі керек еді. Өндірілген өнімнің қоғам мүшелерінің талаптарын қанағаттандыруы өндірушілер мен оларды басқаратын мемлекеттік органға да аса қажет болмады. Өндірістік тиімділікке бағытталу нәтижесінде қоғамда – инфляция, сапалы тауар тапшылығы, жартылай бос нарық орын алып, ал өндіріс саласында – ешкімге керегі жоқ өнім өндіретін кәсіпорындардың өзінде жоғары көрсеткіштер мен жақсы табысқа қол жеткізілді.

Нарықтық қатынастарға өту аталған жағдайды өзгертті, бірақ басқарылатын объектілердің барлығы үшін емес. Олардың бірқатары – өндіріс кезеңінде де, әлеуметтік